

Карантинді тоқтату және Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 қазандағы № 193 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 230 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25863 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Байғанин ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 17 қарашадағы № 02-09-04 /197 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округінің Көкбұлақ ауылының аумағында ірі қара малдары арасынан қарасан ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринарлық іс-шаралары жүргізілуіне байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің "Карантин белгілеу туралы" 2021 жылғы 14 қазандағы № 193 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24794 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарауылкелді ауылдық
округінің әкімі*

Ж. Абитов